

Сыр бойынан шыққан Шашты Қыпшақ батырлары

Сыр бойында Қыпшақтың Шашты аталығының атамекені бар. Қазақтың Шашты Қыпшақ елінен елін қорғауда өңкей батырлар шығады. Тегі – Қыпшақ-Қара-Торы –Шашты (Кенжеғұл)-Байсары аталығынан Жақап батыр қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданында ХІХ ғасырда өмір сүрген.

Батырдың бейіті белгісіз болып отыр.

Жақап батыр ағайын бауырларымен Қоқан хандығының озбырлығына қарсы шыққан. Батырдың бауырлары елге қадірменді батырлар болған.

Біріншісі – Байсары Шашты Қыпшақ Өтеп батыр. Екіншісі – Байсары Шашты Қыпшақ Жүзбай батыр.

19 ғасырдың бірінші жартысында Қоқан хандығы қазіргі Қызылорда облысының Жанакорған, Шиелі аудандарын басып алғаны белгілі. Бір күндері Қоқан бегі Сыр бойында алым-салығын күшейтіп жібереді. Сонда Сыр бойының қазақтары бұл алым-салыққа қарсы болады. Айрықша қарсы болғаны Қыпшақтың Торының Шашты Байсарысы мен Қыпшақтың Торының Көзей рулары. Бұл оқиғаны естіген қоқанның бегі Түркістан шаһарынан қарсылықты басуға 500 әскерін жібереді. Қоқан әскерін бері шыққанын естіген Байсары мен Көзей рулары Арқаға қарай көшеді. Майшының тұсына келген кезде (бұл қазіргі Жанакорған мен Шиелі аудандарының солтүстік жағы, елі жоқ аумағы) қоқандықтар қуып жетеді. Сонда Өтеп батыр: «Малдың барлығын тастап, жан сауғалайық», - деп айтады. Бірақ Жақап батыр оған келіспей: «Бала-шағамызды, малды алға жіберіп, өзіміз Жалғызғаш Қарамұрында ұрыс қабылдайық», - дейді. Барлығы бұл шешімге қосылады. Ол кездің рәсімі бойынша ұрыс жекпе-жектен басталуы керек. Қоқандықтар өздерінің сенімділігін сынау үшін, жергілікті руларға жік салу үшін Қыпшақтың Шашты Жаназар батырын шығарады. Жаназар батыр (1818/22-1881/85) бұл кезде жасы келген кісі екен. Бірлескен Торы Байсары мен Торы Көзей рулары өз жағынан Байсары Жүзбай батырды шығарады. Жүзбай батыр 18 жастағы жігіт, күшті найзагер екен, найзамен ұрғанда аңды құлататын болған. Қоқандықтардың өздері аласырақ болып, алдыңғы шегіне жергілікті жақтастарын қойған. Оның үстіне жолдан шаршаған қоқандықтар ұрысты келесі күнге қалдыруды жағымдап алады, өйткені кешкі уақыт болып қалды. Жаназар батыр Жүзбай батырмен жекпе-жекке шығады. Бірақ «ұрысқандай» болады. Жаназар батыр өзінің қазағын, өзінің аталас інісін қалай шапсын. Жекпе-жектің арасында Жаназар батыр қоқандықтардың және оның жақтастарының қай жерде орналасқанын айтады. Сол кездегі соғыс тәртібі бойынша әскердің үлкен туы болады. Ол ту ең соңғы жағдайда түсірілуі тиіс, яғни жеңілістің белгісі. Жаназар батырдың ту ұстаушы қоқандықтардың қасында жергілікті сенімді жігіттері болған. Сондықтан Шашты Жаназар батыр: «Алғашқы ұрысты сендер бастаңдар, кешке қалдырмаңдар», - дейді. Ұрыс басталады. Жақап, Өтеп батырлардың әскерлері қоқандықтардың алдыңғы шегінде тұрған қоқандықтардың қызметінде жүрген жергілікті қазақтардың жасақтарына

ұрыс салады. Келісім бойынша ту ұстаған қоқандықты Жаназар батырдың жігіттері өлтіріп, туды құлатады. Сосын жергілікті жасақтар үрей таратады. Сол үреймен түні бойы қоқандықтар кейін шегінуге мәжбүр болады. Жақап батыр қоқандықтарға қызмет жасайтын, жергілікті Қыпшақ Торының Тұяқтысы Тұрсынбай батыр-датқаға (1788/98-1853) өте өшіккенге ұқсайды. Тұрсынбай датқаның белгілі бір көзге түсетін ұзын сәлдесі болатын, сол шапқан кезде желбірейтін көрінеді. Ұрыстың алғашқы сәттерден бастап-ақ Жақап батыр: «Қалша қайда екен?» - деп Тұрсынбай датқаны іздейді. Ұрыстардың барысында жергілікті әскерлердің бір бөлігі қоқандықтармен, екінші бөлігі олардан бөлек қашады. Бұдан кейін ұрыс тоқтайды. Жаудың беті қайтқаннан кейін жеңімпаз Торы Қыпшақтың Шашты Байсарысы мен Торы Қыпшақтың Көзей рулары қауіптен құтылып, Арқаға қарай қашады. Байсары мен Көзей рулары жайбарақат Арқаға көшіп бара жатады, бірақ «кұлауыз» (өсек) тарайды. Жақап батырдың құлағына да жетеді. Көзей Досбол бидің Жақап батыр «Қалша қайда екен?» - деп жауға шапқан кезде оның назарын басқа жаққа бөліп жібереді. Көзей Досбол би (1800-1890) Тұрсынбай датқа қоқандықтардан бөлек қашқанын көрген, бірақ Жақап батырға қоқандықтардың сонынан қашты деп басқа жақты сілтеген еді. Бұл жәйітті алдында жаздым ғой, қоқандықтардың екі бөлек болып қашқанын. Жақап батыр естісімен Көзей Досбол биге қатты ренжиді де, Байсары елін Сыр бойына кейін қайтарады. Ал, Көзей руы Арқаға Найман Сандыбайұлы Ерден батырдың болыстығына келеді. Бұнда 2-3 жыл тұрады да кейін Сыр бойына қайтып келеді.

Сыр бойның атақты батырлары Жақап пен Өтепке, Сыр сұлейлерінің бірі Мәнсүр Бекежанов (1875-1933) 1912 жылы Иманжүсіпке жазған хатында:

«Бар еді Өтеп, Жақап – жақыныңнан,
Ермек, Түйме, Кеңбай бар ата ұлынан.
Жаназар – Шағыр Қыпшақ бір жүзбасы,
Қазақтың найза ұстаған батырынан», - деп жырлаған.
Енді Жақап батырдың ұрпақтарына келсек.

Жақап батырдың немересі Әуез ақсақал ІІ дүниежүзілік соғысқа қатысқан, «Түркістан легионында» болған. Әуезден Сейсұлтан, одан 1964 ж.т. Бағдат туады. Әуезов Бағдат қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылында тұрады.

Жүзбай батырдың ұрпағы 1929 ж.т. Мұхамбетжан қазы, (бұрын совхоз директоры болған) осы Шиелі ауданының Алғабас ауылында тұрады. Осы ауылда Шәмед Қалдыбаев деген шежіреші ақсақал осы аталған батырлар туралы білуі керек.

Тағы бір айтатын жайт, осы аталған Шашты Қыпшақтың Байсары аталығының батырларымен ағайын болып келетін Шашты Қыпшақ Айдарғазы аталығынан шыққан Айдарғазы Қашқын батыр туралы сөз қозғамасақ болмас. Отамалыұлы Қашқын батыр 19 ғасырда қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданында өмір сүрген.

Қашқын бабамыздың бейіті белгісіз болып отыр.

Қашқын батырдың тегі – Орта жүз. Қыпшақ- Торы- Шашты (Кенжеғұл) аталығынан.

Қашқын батырдың шежіресін толығымен баяндасақ: Шашты (Кенжеғұлдан) Бәтік, одан Айдарғазы, одан Асан, одан Ақмырза, одан Отамалы, одан Қашқын батыр туады. Қашқын батырдан Өзтемір, Әсілбек туады. Өзтемірден Қоңыратбай, Сатыбалды, Беркімбай туады. Әсілбектен Ізтұяқ туады. Сатыбалдыдан Қашқын батырдың шөбересі Оңдасын туады. (3).

Қашқын батыр туралы дерек аз болып отыр. Қазіргі уақытта Қашқын батырдың ұрпақтары 5 шаңырақ болып отыр екен.

Бақытжан Ахметбек, *Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері*

Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер

1. Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан, Қызылорда қаласының тұрғыны, Қорқыт ата атындағы ҚМУ оқытушысы Сәтбай Дастанның дерегінен;

2. М. Байділдаев. М. Мағауин. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. 2 т. – Алматы: Жазушы, 1989;

3. М. Ысмайыл. Шаштылар. Шежіре. – Алматы: Қайнар, 2002.